

**Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне кредиттік бюролар мен банктік және микроқаржылық қызметті реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2022 жылғы 21 ақпандағы № 7 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 24 ақпанда № 26922 болып тіркелді.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз**

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 17-бабының 5-тармағына, 35-бабының 3-тармағына, 39-бабының 3 және 7-тармақтарына, 42-бабы 1-тармағының үшінші бөлігіне, 3-тармағының бірінші бөлігіне, "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 2) және 3) тармақшаларына, "Микроқаржылық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 3-1-тармағының 1) тармақшасына, 7-бабы 2-тармағының 8-1) тармақшасына және 27-бабының 3) және 4-3) тармақшаларына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының кредиттік бюролар мен банктік және микроқаржылық қызметті реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. Қаржы ұйымдарының әдіснамасы және пруденциялық реттеу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы:

2022 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 4-тармағының жиырма жетінші абзацын;

2022 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 6-тармағының он тоғызыншы абзацын, жиырма төртінші – қырық бесінші абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу және дамыту  
Агенттігінің Төрағасы*

*М. Абылкасымова*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрлігі

\_\_\_\_\_ жылы \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_ "

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы Стратегиялық

жоспарлау және реформалар агенттігі

Ұлттық статистика бюросы

\_\_\_\_\_ жылы \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_ "

Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу және  
дамыту Агенттігінің Басқармасының  
2022 жылғы 21 ақпандағы  
№ 7 қаулысына  
қосымша

**Қазақстан Республикасының кредиттік бюролар мен банктік және микроқаржылық қызметті реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі**

1. "Қарыздар мен салымдар бойынша шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемелерін (нақты құнын) есептеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 26 наурыздағы № 137 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7663 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қарыздар мен салымдар бойынша шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемелерін (нақты құнын) есептеу қағидаларында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу:

- 1) қызмет көрсету туралы шарт жасасу күніне;
- 2) клиенттің ауызша немесе жазбаша талабы бойынша;

3) шартқа қосымша келісім жасау жолымен банктік қарыз шартына клиенттің ақшалай міндеттемелері сомасының (мөлшерінің) және (немесе) оларды төлеу мерзімінің өзгеруіне әкеп соқтыратын өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда;

4) клиент қарызға қызмет көрсету кезеңінде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19702 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 218 қаулысымен бекітілген Жеке тұлғаға берілген банктік қарыз беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдердің тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) 2-тармағының 5), 6), 7) және 7-1) тармақшаларында көрсетілген төлемді жүзеге асырған және қызмет көрсету туралы шарт жасасқан күнгі жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің есебіне енгізілмеген жағдайда. Клиент банктік қарыз шартында көзделген тәртіппен жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі мәнінің өзгеруі туралы хабардар етіледі.";

8, 8-1 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Заңды тұлғаға берілетін қарыз бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің есебіне банктік қарыз шартында көзделген қарызды беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдер, банктік қарыз шартын жасасу күніне белгілі төлем мөлшерлері мен мерзімдері, сондай-ақ үшінші тұлғалардың пайдасына клиенттердің мынадай төлемдері кіреді:

1) клиенттің Қағидалардың 9-тармағының 4) тармақшасында көзделген төлемдерді қоспағанда, қарыз алуға, қарызға қызмет көрсетуге байланысты, сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары шеңберінде сақтандыру ұйымының пайдасына төлемдері;

2) клиенттің кепілдік (кепілдеме) алу үшін кепілгерге (кепіл берушіге), кепілге берілетін мүлікті бағалау үшін бағалаушыға төлемдері;

3) клиенттің екінші деңгейдегі банкке, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалына, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға (бұдан әрі – банк) клиенттерді тарту, клиенттер ұсынатын құжаттардың қарыз беру талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асыру, клиенттердің құжаттарын банкке беру, банк клиенттерінен қарыздарды өтеу есебіне төлемдер мен аударымдарды қабылдау бойынша қызметтер көрсететін ұйымдардың (делдалдардың) пайдасына төлемдері;

4) осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларына байланысты емес, қарыз алуға, қарызға қызмет көрсетуге байланысты банктік шот шарттары және (немесе) банктік қызмет көрсету шарттары, сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары шеңберінде банктің және (немесе) өзге де ұйымдардың пайдасына клиенттің комиссиялары мен төлемдері енгізіледі.

Егер қарыз бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу кезінде осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген төлемдердің кредиттеудің бүкіл мерзіміне мөлшерлерін айқындау мүмкіндігі болмаса, қарыз бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің есебіне осы тұлғалардың олармен шарттар жасау күнінде айқындалған тарифтеріне қарай кредиттеудің бүкіл мерзіміндегі төлемдер енгізіледі.

Банктік қарыз шартында көзделген комиссиялар мен өзге де төлемдер, сондай-ақ осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген, өндіріп алу фактісі банктік қарыз шартын жасасу күні белгісіз төлемдер нақты төлем жасалғаннан кейін сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі қайта есептелген жағдайда ескеріледі.

8-1. Жеке тұлғаға берілетін қарыз бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің есебіне банктік қарыз шартында көзделген қарызды беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдер, банктік қарыз шартын жасасу күніне белгілі төлем мөлшері мен мерзімдері енгізіледі.

Егер қарыз бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу кезінде кредиттеудің бүкіл мерзіміне Тізбенің 2-тармағының 5), 6), 7) және 7-1) тармақшаларында көрсетілген тұлғалардың пайдасына төлемдердің мөлшерін айқындау мүмкіндігі болмаса, сыйақының жылдық тиімді ставкасының есебіне осы тұлғалар белгілеген және олармен шарттар жасасу күніне айқындалған тарифтерді негізге ала отырып, кредиттеудің бүкіл мерзімі үшін төлемдер енгізіледі.

Банктік қарыз шартында көзделген, Тізбенің 2-тармағының 3), 4), 5), 6), 7), 7-1), 8) және 9) тармақшаларында көрсетілген, банктік қарыз шартын жасау күнінде өндіріп алу фактісі белгісіз комиссиялар мен өзге де төлемдер нақты төлем жасалғаннан кейін жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі қайта есептелген жағдайда немесе олар банктік қарызға қызмет көрсету кезеңінде енгізілген кезде ескеріледі.

9. Қарыз бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің есебіне:

1) Қағидалардың 8-тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында және Тізбенің 2-тармағының 5), 6), 7) және 7-1) тармақшаларында көрсетілген төлемдерді қоспағанда, клиенттің үшінші тұлғалардың пайдасына төлемдері;

2) тұрақсыздық айыбын және оның ішінде клиентке белгіленген овердрафт лимитінің асып кеткені үшін айыппұл санкцияларының өзге түрлерін қоса алғанда, клиенттің банктік қарыз шартының талаптарын сақтамауына байланысты төлемдері;

3) клиенттің банктік қарыз шарты бойынша және кепіл берушінің пайдалануындағы міндеттемелерін қамтамасыз ететін кепіл шарты бойынша кепіл мәнін сақтандыру кезінде сақтандыру ұйымдарының пайдасына клиенттің төлемдері енгізілмейді."

2. "Қамтылымсыз кредит (бланкілік кредит) беру критерийлерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 қаңтардағы № 22 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14902 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Банктер туралы заңның 35-бабы 3-тармағының мақсаттары үшін бір мезгілде мынадай өлшемшарттарға сәйкес келетін:

1) кредиттің мөлшері банктің Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15886 тіркелген, "Банктің пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемелерін, капиталының мөлшерін және Ашық валюталық позицияны есептеу қағидалары мен оның лимиттерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 170 қаулысының (бұдан әрі – № 170 қаулы) талаптарына сәйкес есептелген меншікті капиталының өлшемінен 0,02 (нөл бүтін жүзден екі) пайызынан асатын, кредиттің мөлшері Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22213 болып тіркелген "Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктері филиалдарының) резерв ретінде қабылданатын активтерін қалыптастыру тәртібін және олардың ең төмен мөлшерін қоса алғанда, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары) үшін пруденциялық нормативтерді және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді, олардың нормативтік мәндерін және есептеу әдістемесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 12 ақпандағы № 23 қаулысының (бұдан әрі – № 23 қаулы) талаптарына сәйкес есептелген Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының резерв ретінде қабылданатын активтері шамасының 0,02 (нөл бүтін жүзден екі) пайызынан асады;

2) тұрақсыздық айыбын қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қамтамасыз ету жиынтығында қарыз алушының берілген кредит бойынша міндеттемелерінің 50 (елу) пайызынан аз жабады не жоқ болатын кредит қамтылымсыз кредит (бланкілік кредит) болып танылатыны белгіленсін."

3. "Ақпарат берушілердің кредиттік бюроларға ақпарат беру тәртібінің шарттары мен ең төмен талаптарын, Кредиттік тарих субъектілерінің өздері туралы ақпаратты кредиттік бюроларға (мемлекет қатысатын кредиттік бюроны қоспағанда) беруге келісімін ресімдеу, кредиттік бюродан кредиттік есепті беруге келісімін ресімдеу қағидаларын, сондай-ақ Кредиттік есепті берудің қағидалары мен шарттарын бекіту

туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 27 наурыздағы № 53 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15115 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Кредиттік тарих субъектілерінің өздері туралы ақпаратты кредиттік бюроларға (мемлекет қатысатын кредиттік бюроны қоспағанда) беруге келісімін ресімдеу, кредиттік бюродан кредиттік есепті беруге келісімін ресімдеу қағидаларында:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Кредиттік тарих субъектісінде ақпарат беруші алдында ақшалай міндеттемелер пайда болған кезде ақпарат беруші мен кредиттік тарих субъектісінің арасында қарыз беру туралы шарт не өзге мәміле жасауға өтінішті қарау кезінде Заңның 18-бабының 1-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген ақпарат берушілер кредиттік тарих субъектісінің кредиттік бюродан кредиттік есепті беруге келісімін (бұдан әрі – кредиттік есепті беруге келісім) алады.

Кредиттік есепті беруге келісім кредиттік тарих субъектісінің қарыз беру туралы шартты не ақпаратты беруші мен кредиттік тарих субъектісі арасында өзге мәмілені жасасуға арналған өтініші шеңберінде ресімделеді және осы өтініш негізінде жасалған қарыз беру туралы шарттың немесе ақпарат беруші мен кредиттік тарих субъектісі арасында жасалған, кредиттік тарих субъектісінің ақпарат беруші алдында ақшалай міндеттемелері туындайтын өзге де мәміленің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін қолданылады."

4. "Банктің пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемелерін, капиталының мөлшерін және Ашық валюталық позицияны есептеу қағидалары мен оның лимиттерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 170 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15886 болып тіркелген) мынадай толықтыру мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен белгіленген банктің пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемелері, капиталының мөлшерінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Банктің пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемелері, капиталының мөлшері (бұдан әрі – Нормативтер) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Банктер туралы заң) сәйкес әзірленді және банктің пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемелерін, капиталының мөлшерін белгілейді.

Банктерге және олардың еншілес ұйымдарына арналған, шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде есептелетін нормативтік мәндер Банктер туралы заңның 42-бабына сәйкес белгіленеді.

Нормативтік мәндер үтірден кейін үш таңбалы санмен көрсетіледі.

Банктердің міндетті сақтауы үшін банктің пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің, капиталының мөлшері құрамына:

банктің жарғылық және меншікті капиталының ең төмен мөлшері;

меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті;

бір қарыз алушыға тәуекелдің ең жоғары мөлшері;

өтімділік коэффициенттері;

тұрақты қорландырудың өтімділік және нетто жабылуы коэффициенттері;

Қазақстан Республикасының бейрезиденттері алдындағы міндеттемелеріне банктердің капиталдандыруы;

банк қаражатының бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру коэффициенті;

банк қарыз алушысының борыш жүктемесі коэффициенті кіреді.";

мынадай мазмұндағы 9-тараумен толықтырылсын:

"9-тарау. Банк қарыз алушысының борыш жүктемесі коэффициенті

90. Банк:

қарыз алушыға ашылған кредиттік желі шеңберінде қарыз (қарыздың бір бөлігін) беруді қоспағанда қарыз алушыға қарыз беру;

қарыз алушыға кредиттік желі ашу (кредиттік лимитті белгілеу);

қарыз алушыға жасалған банктік қарыз шарты (шарттары) шеңберінде қосымша қарыз беру;

қарызды өтеу кестесіне сәйкес осы қарыз бойынша мерзімді төлемдер мөлшерінің ұлғаюына алып келетін, қарыз алушының ашық кредиттік желісінің және (немесе) қарызы талаптарының өзгеруі туралы шешімдер қабылданғанға дейін қарыз алушының борыш жүктемесінің коэффициентін есептеуді жүзеге асырады.

Банктің қарыз алушыға қарыз алу уақытын өзі анықтауға мүмкіндік беретін талаптармен, бірақ кредиттеудің осындай нысанына арналған банктің ішкі кредиттік саясаты туралы қағидаларында және шартта айқындалған сомасы және уақыт шегінде қарыз алушыны кредиттеу міндеттемесі кредиттік желі деп түсініледі.

Кредиттік желінің шекті сомасы кредиттік лимит (оның ішінде кредиттік/төлем карталары бойынша) деп түсініледі.

Қарыз алушы деп ай сайынғы орташа табысы мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның интернет-ресурсында соңғы жарияланған орташа айлық жалақының екі еселенген мөлшерінен аспайтын немесе оған тең, қарыз алушының борыш жүктеме

коэффициентін есептеуді жүзеге асыру күніне қол жетімді, банктің банктік қарыз операцияларын жүзеге асыру жөніндегі қызметтерін пайдалануға ниеттенетін немесе пайдаланатын Қазақстан Республикасының резиденті-жеке тұлға түсініледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің талаптары кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуға қарыз алушыларға берілген қарыздарға қолданылады, бұған мыналар:

автокөлік құралын сатып алу мақсаттары үшін берілетін, осы автокөлік құралының кепілімен қамтамасыз етілген қарыздар;

берілетін қарыз сомасын толық жабатын, жылжымайтын мүлік кепілімен қамтамасыз етілген қарыздар;

берілетін қарыз сомасын толық жабатын, банктік шоттарда жатқан ақша кепілімен қамтамасыз етілген қарыздарды;

білім беруді кредиттеу жүйесі шеңберінде берілетін қарыздар;

тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесі шеңберінде берілетін қарыздар кірмейді.

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 2022 жылғы 30 маусымды қоса алғандағы кезеңде осы тармақтың бірінші бөлігінің талаптары қарыз алушыларға кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес, мүлік кепілімен қамтамасыз етілген тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуға берілген, олармен жасалатын мәмілелер берілетін қарыз сомасын толығымен жабатын міндетті мемлекеттік тіркеуге жататын қарыздарға қолданылмайды.

91. Банк қарыз алушының борыш жүктемесінің коэффициентін екі кезеңде есептейді:

1) бірінші кезең – қарыз алушының төлем қабілеттілігін бағалау;

2) екінші кезең – қарыз алушының борыш жүктемесінің коэффициентін есептеу.

92. Қарыз алушының төлем қабілеттілігін бағалау төмендегідей жүзеге асырылады:

$$ҚК \geq \text{ЕТКДШ} + 0,5 * \text{ЕТКДШ} * C_{\text{КТМ}}$$

мұндағы:

ҚК – қарыз алушының кірісі;

ЕТКДШ – "Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы;

$C_{\text{КТМ}}$

– кәмелетке толмаған отбасы мүшелерінің саны.

Қарыз алушының кірісі мына өлшемшарттардың бірі және (немесе) бірнешеуі:



1) қарыз алушының өтініш жасаған күні алдындағы 3 (үш) айдан бастап 12 (он екі) айға дейінгі кезеңдегі ресми кірісі негізінде айқындалады. Ресми кіріс деп мынадай құжаттардың бірі және (немесе) бірнешеуі:

салымшының (алушының) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе " Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының дерекқорынан ақпараты немесе орталық атқарушы органдар және оларға тиесілі не оларға ведомстволық бағынысты заңды тұлғалардың дерекқорынан жеке тұлғалардың кірісі туралы ақпараты ;

зейнетақы төлемдері түсетін банктік шотынан үзінді көшірме;

жұмыс берушіден жалақы және басқа да кірістер түсетін банктік шотынан үзінді көшірме;

"Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалған зейнетақы аннуитеті шарты бойынша, аннуитеттік сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемдері түсетін банк шотынан үзінді көшірме;

мынадай салықтық аударымдар негізінде есептелген жеке кәсіпкер - жеке тұлғаның кірістері туралы ақпараты:

патенттің негізінде арнайы салық режимін қолданған кезде салық салынатын кірістің 5 (бес) пайызы;

жеңілдетілген декларация негізінде арнайы салық режимін қолданған кезде салық салынатын кірістің 15 (он бес) пайызы;

тіркелген шегерімді пайдалана отырып арнайы салық режимінің салық салынатын кірісінің 20 (жиырма) пайызы негізінде есептелген орташа айлық кіріс түсініледі;

2) қарыз алушының өтініш жасаған күні алдындағы 3 (үш) айдан бастап 12 (он екі) айға дейінгі кезеңде дебеттік карта бойынша шығыстардың орташа айлық сомасы;

3) қарыз алушының өтініш жасаған күні алдындағы 3 (үш) айдан бастап 12 (он екі) айға дейінгі кезеңде дебеттік картаны толтырудың орташа айлық сомасы;

4) қарызды ресімдеуге өтініш берген күні депозитте және (немесе) ағымдағы шоттағы қалдық сомасы;

5) қарыз алушының өтініш жасаған күні алдындағы 3 (үш) айдан бастап 12 (он екі) айға дейінгі кезеңде депозиттерді және (немесе) ағымдағы шоттарды толықтырудың орташа айлық сомасы;

6) қарыз алушының өтініш жасаған күні алдындағы 3 (үш) айдан бастап 12 (он екі) айға дейінгі кезеңде депозиттерден және (немесе) ағымдағы шоттардан алынған қаражаттың орташа айлық сомасы;

7) "Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңында тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейі шамасының азық-түлікке жатпайтын бөлігінің мәнінен асатын, қарыз алушының өтініш жасаған күні алдындағы

3 (үш) айдан бастап 12 (он екі) айға дейінгі кезеңде коммуналдық қызметтер бойынша, телекоммуникациялық қызметтер бойынша, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың орташа айлық сомасы;

8) қарыз алушының өтініш жасаған күні алдындағы 3 (үш) айдан бастап 12 (он екі) айға дейінгі кезеңде интернет-дүкеннен сатып алудың орташа айлық сомасы;

9) меншігінде орташа нарықтық құны кредит құнынан асатын автокөлік құралының және (немесе) жылжымайтын мүліктің болуы негізінде айқындалады. Автокөлік құралының және (немесе) жылжымайтын мүліктің орташа нарықтық құны тәуелсіз бағалау немесе банктің № 13 Халықаралық қаржылық есептіліктің "Әділ құнды бағалау" стандартына және "Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес бағалауы негізінде айқындалады. Қарыз алушының меншігінде бір уақытта автокөлік құралының және жылжымайтын мүліктің болуы, шығарылу сәтінен бастап 15 (он бес) жыл өтпеген автокөлік құралы және жалпы алаңы 30 (отыз) шаршы метрлік жылжымайтын мүлік бойынша орташа нарықтық құнын анықтау талап етілмейді;

10) қарыз алушының өтініш жасаған күні алдындағы 6 (алты) айдан бастап 12 (он екі) айға дейінгі кезеңде жолаушыларды және багажды таксимен тасымалдаудан түскен орташа айлық кірісі (мұндай кірісті делдал компания арқылы растаған кезде);

11) қарыз алушының өтініш жасаған күні алдындағы 12 (он екі) айға дейінгі кезеңдегі бірыңғай жиынтық төлем төленгенін растайтын құжаттың болуы. Әр айдағы кіріс мөлшері "Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңында тиісті қаржы жылына белгіленген бір ең төмен жалақы мөлшерінің деңгейінде қабылданады;

12) қарыз алушының өтініш жасаған күні алдындағы 3 (үш) айдан бастап 12 (он екі) айға дейінгі кезеңде жұмыс орнынан кірістері туралы анықтама және (немесе) оқу орнынан алатын стипендия мөлшері туралы анықтама негізінде орташа айлық кірісі арқылы айқындалады.

Осы тармақтың 7), 8), 9), 10), 11) және 12) тармақшаларында көрсетілген ақпарат, қарыз алушының тиісті құжаттары ұсыныла отырып расталады және (немесе) банктің ақпараттық жүйесінде тексеріледі.

Осы тармақтың 1), 2), 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген ақпаратты қарыз алушы ұсынады және (немесе) банк қарыз алушының жазбаша нысанда берген келісімінің негізінде не қарыз алушының идентификаттау құралы арқылы сұратады және (немесе) банктің ақпараттық жүйесінде тексереді.

Атаулы әлеуметтік көмекті алушыға қатысты оның табысын бағалау осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген ресми кірістері негізінде айқындалады.

93. 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 2022 жылғы 30 маусымды қоса алғандағы кезеңде қарыз алушының табысын айқындау кезінде мынадай өлшемшарттар қосымша қолданылады:

1) қарыз алушының соңғы үш жыл ішінде бірмезгілде төлеген жабық банктік қарыздары, микрокредиттер бойынша ай сайынғы төлемдердің ең жоғары сомасы;

2) қарыз алушының жабық банктік қарыздарының, микрокредитінің ең жоғары сомасы негізінде айқындалады. Бұл ретте мұндай сома кемінде 4 (төрт) орташа айлық жалақыны құрайды;

3) қарыз алушының жабық банктік қарыздары, микрокредиттері бойынша ішінара-мерзімінен бұрын өтеудің ең жоғары сомасы (қарыз алушының қарыздарын, микрокредиттерін ішкі қайта қаржыландыру есебінен ішінара-мерзімінен бұрын өтеуді қоспағанда);

4) қарыз алушының жабық банктік қарыздары, микрокредиттері бойынша мерзімінен бұрын өтеудің ең жоғары сомасы (қарыз алушының қарыздарын, микрокредиттерін ішкі қайта қаржыландыру есебінен мерзімінен бұрын өтеуді қоспағанда);

5) қарыз алушының өтініш жасаған күні алдындағы соңғы 12 (он екі) ай ішінде шетелде жүргізген банктік төлем сомасы;

6) қарыз алушының өтініш жасаған күні алдындағы соңғы 12 (он екі) ай ішінде шетелге сатып алынған билеттің құны;

Осы тармақтың 3), 4) және 6) тармақшаларында көрсетілген ақпарат, қарыз алушының тиісті құжаттары ұсыныла отырып расталады және (немесе) банктің ақпараттық жүйесінде тексеріледі.

Банк осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген ақпаратты кредиттік бюродан сұратады және (немесе) банктің ақпараттық жүйесінде тексереді.

Осы тармақтың 5) тармақшасында көрсетілген ақпаратты қарыз алушы ұсынады және (немесе) банк қарыз алушының жазбаша нысанда берген келісімінің негізінде не қарыз алушының сәйкестендіру құралы арқылы сұратады және (немесе) банктің ақпараттық жүйесінде тексереді.

94. Қарыз алушының борыш жүктемесінің коэффициенті қарыз алушының барлық өтелмеген қарыздары бойынша мерзімі өткен төлемдер сомасын қоса алғанда, барлық өтелмеген қарыздары бойынша ай сайынғы төлем мен Нормативтің 90-тармағының бірінші бөлігінде көзделген жағдайларда туындайтын қарыз алушының жаңа берешегі бойынша ай сайынғы орташа төлем сомасының қарыз алушының соңғы алты айдағы орташа ай сайынғы кірісіне қатынасы ретінде былайша есептеледі:

$$БЖК = \frac{\sum_{i=1}^n \Theta K T_i + \sum_{i=1}^n M T_i + B T}{T},$$

мұндағы:

БЖК – борыш жүктемесінің коэффициенті;

ӨҚТі – қарыз алушының өтелмеген қарызы (өтелмеген қарыздары) бойынша Нормативтің 95-тармағына сәйкес есептелетін ай сайынғы төлем;

МТі – қарыз алушының өтелмеген қарызы (өтелмеген қарыздары) бойынша мерзімі өткен төлемдер сомасы;

БТ – қарыз алушының жана берешегі бойынша Нормативтің 96-тармағына сәйкес есептелетін ай сайынғы орташа төлем;

n – қарыз алушының өтелмеген қарыздарының саны;

T – қарыз алушының Нормативтің 97-тармағына сәйкес есептелетін ай сайынғы орташа табысы.

95. Қарыз алушының өтелмеген қарызы (өтелмеген қарыздары) бойынша ай сайынғы төлем өтелмеген қарыз (өтелмеген қарыздар) бойынша айлық көрсеткіш бойынша келтірілген кезеңдік төлемге (өтелмеген қарыздар бойынша айлық көрсеткіш бойынша келтірілген кезеңдік төлемдер сомасына) тең қабылданады.

Өтелмеген қарыз бойынша айлық көрсеткішке келтірілген мерзімді төлем қарызды өтеу кестесіне сәйкес өтелмеген қарыз бойынша мерзімді төлемнің жылдық мәндегі өтелмеген қарыз бойынша мерзімді төлемдер санының он екіге қатынасына көбейтіндісі ретінде есептеледі:

$$КТАЙ = КТкесте * КТСжыл / 12,$$

мұндағы:

**КТАЙ**

– айлық көрсеткішке келтірілген өтелмеген қарыз бойынша мерзімді төлем;

**КТкесте**

– қарызды өтеу кестесіне сәйкес өтелмеген қарыз бойынша кезеңдік төлем;

**КТСжыл**

– жылдық көрсетудегі өтелмеген қарыз бойынша мерзімді төлемдер саны.

Жылдық мәндегі өтелмеген қарыз бойынша мерзімді төлемдердің саны өтеу кестесіне сәйкес қарыз бойынша төлемдерді жүзеге асыру кезеңділігін сипаттайтын үш жүз алпыс күннің санына қатынасы ретінде есептеледі.

Осы тармақтың үшінші бөлігін есептеу мақсаты үшін бір айдағы күн саны отызға тең болып қабылданады.

Қарызды өтеу кестесіне сәйкес мерзімді төлем және (немесе) төлемдерді жүзеге асырудың күнмен берілген кезеңділігі туралы деректер болмаған кезде өтелмеген қарыз

бойынша ай сайынғы төлем қарыз бойынша негізгі борыш пен сыйақы бойынша қалдық сомасының осы қарыздың айлармен көрсетілген қалған мерзіміне қатынасы ретінде есептеледі.

Өтелмеген қарыз (өтелмеген қарыздар) бойынша ай сайынғы төлемге кредиттік лимиттің пайдаланылған бөлігін өтеу бойынша ай сайынғы төлем мөлшерін бағалау, кредиттік карта бойынша, сондай-ақ талаптарында кредиттік лимит шеңберінде қарыз алушыға кредит беру көзделген төлем картасы бойынша ай сайынғы төлем кіреді.

Кредиттік лимиттің пайдаланылған бөлігін өтеу бойынша ай сайынғы төлем мөлшерін бағалау кредиттік бюроның, банктің ақпараттық жүйелерінің деректері негізінде айқындалады немесе кредиттік лимиттің пайдаланылған бөлігі мөлшерінің шартта айқындалған, айлармен көрсетілген осы лимиттің қалған мерзіміне қатынасы ретінде есептеледі.

Кредиттік лимиттің пайдаланылған бөлігі деп ашық кредиттік желі шеңберінде Қарыз алушы алған қарыз (транш) бойынша борыштың қалдығы түсініледі.

Кредиттік карта бойынша, сондай-ақ талаптарында кредиттік лимит шеңберінде қарыз алушыға кредит беру көзделген төлем картасы бойынша ай сайынғы төлем кредиттік карта, талаптарында кредиттік лимит шеңберінде қарыз алушыға кредит беру көзделген төлем картасы бойынша пайдаланылған кредиттік лимиттің тиісінше он пайызға көбейтіндісі ретінде есептеледі.

Қарыз алушының өтелмеген қарызы бойынша мерзімі өткен төлемдер сомасына мерзімі өткен негізгі борыш, мерзімі өткен сыйақы сомасы және банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның, микроқаржы ұйымының, сондай-ақ тізбесі "Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 18-бабында белгіленген өзге де ақпарат жеткізушілердің (бұдан әрі – ақпарат жеткізушілер) балансынан тыс есептен шығарылған берешек сомасы кіреді.

Қарыз алушыға бұрын жасалған банктік қарыз және (немесе) микрокредит беру шартын (қарыз шарттарын) қайта қаржыландыру мақсатында банктік қарыз беруді жүзеге асырған жағдайда, өтелмеген қарыз және (немесе) микрокредит бойынша қайта қаржыландыруға жататын берешек сомасы ай сайынғы төлемнің есебінде және қайта қаржыландырылатын өтелмеген қарыз және (немесе) микрокредит бойынша мерзімі өткен төлемдердің сомасында есепке алынбайды.

Ашық кредиттік желінің және (немесе) бұрын жасалған банктік қарыз шартын (шарттарын) қайта құрылымдау мақсатында жүзеге асырылатын қарыз алушының қарызы талаптарының осы қарыз бойынша қарызды өтеу кестесіне сәйкес кезеңдік төлемдердің мөлшерін ұлғайтуға апаратын және ашық кредиттік желінің кредиттік лимитін және (немесе) банктік қарыз мөлшерін ұлғайтуды көздемейтін өзгеруі

жағдайында қайта құрылымдалатын өтелмеген кредиттік желі және (немесе) қарыз алушының қарызы бойынша мерзімі өткен төлемдерінің сомасы нөлге тең болып қабылданады.

Қарызды өтеу кестесіне сәйкес мерзімді төлем, негізгі борыш қалдығы, өтелмеген қарыздар бойынша сыйақы қалдығы, кредиттік лимит, кредиттік лимиттің пайдаланылған бөлігі, қарыз алушының өтелмеген қарыздары бойынша мерзімі өткен төлем сомалары туралы ақпаратты банк кредиттік бюродан сұратып алады.

Мерзімді төлемдердің, негізгі борыш қалдығының, өтелмеген қарыздар бойынша сыйақы қалдығының, кредиттік карта, сондай-ақ талаптарында кредиттік лимит шеңберінде қарыз алушыға кредит беру көзделетін төлем картасы бойынша ай сайынғы төлемнің, кредиттік лимиттің пайдаланылған бөлігін өтеу бойынша ай сайынғы төлемнің мөлшерін бағалаудың және қарыз алушының өтелмеген қарыздары бойынша мерзімі өткен төлемдер сомаларының есебіне кредиттік бюроға барлық ақпарат жеткізушілер ұсынатын мәліметтер кіреді.

Қарыз алушының өтелмеген қарыздарына Нормативтің 90-тармағының бесінші бөлігінде көрсетілген қарыздар, сондай-ақ қарыз алушының Нормативтің 90-тармағының бесінші бөлігінде көрсетілмеген өтелмеген банктік қарыздары, микрокредиттері кіреді.

96. Қарыз алушының жаңа берешегі бойынша ай сайынғы орташа төлемі өтеу кестесіне сәйкес есептелген, негізгі борыш бойынша төлемдер мен сыйақы сомасының, сондай-ақ Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7663 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 26 наурыздағы № 137 қаулысымен бекітілген Қарыздар мен салымдар бойынша шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемелерін (нақты құнын) есептеу қағидаларының 8-тармағында көрсетілген, қарыз алушының банктік қарыз шартын жасауымен және орындауымен байланысты өзге де төлемдер сомасының осы қарыздың айлармен көрсетілген мерзіміне қатынасы ретінде есептеледі.

Қарыз алушының кредиттік желі, кредиттік карта, сондай-ақ талаптарында кредиттік лимит шеңберінде қарыз алушыға кредит беру көзделетін төлем картасы бойынша міндеттеме болып табылатын жаңа берешегі бойынша ай сайынғы орташа төлемді есептеу Нормативтің 95-тармағының жетінші, сегізінші және тоғызыншы бөліктеріне сәйкес жүргізіледі.

97. Қарыз алушының ай сайынғы орташа табысы қарыз алушының соңғы алты айдағы жалақысы және (немесе) өзге де табыстары сомасының алтыға қатынасы ретінде есептеледі.

Банктер қарыз алушының ай сайынғы орташа табысын есептеуді қарыз алушының өтініш жасау алдындағы қатарынан алты айдағы қарыз алушының табыстары туралы мәліметтердің негізінде жүзеге асырады.

Банк қарыз алушының ай сайынғы орташа табысының есебіне алатын табыстар түрлері қарыз алушының өтініш жасау алдындағы қатарынан алты ай ішіндегі кем дегенде екі кез келген айға алынуы тиіс.

Банктер атаулы әлеуметтік көмек алушы қарыз алушының ай сайынғы орташа кірісін Нормативтің 92-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген қарыз алушының ресми кірістерінің негізінде есептеуді жүзеге асырады.

98. Қарыз алушының борыш жүктемесі коэффициентінің ең жоғары деңгейі Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9125 болып тіркелген "Қаржы ұйымдарының банк операцияларының жекелеген түрлерін және басқа да операцияларды жүргізуіне шектеулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасының 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 292 қаулысымен белгіленеді.

99. Егер осы Нормативтің 92 және 93-тармақтарында көрсетілген бір немесе бірнеше өлшемшарттардың негізінде белгіленетін кірістің мөлшері "Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңында тиісті қаржылық жылға белгіленетін ең төмен күнкөріс деңгейінің мөлшерінен және отбасының кәмелетке толмаған әрбір мүшесіне ең төмен күнкөріс деңгейінің жарты сомасынан кем болса, сондай-ақ қарыз алушының борыштық жүктемесі коэффициентінің мәні Нормативтің 98-тармағында белгіленген мәннен асып кеткен жағдайда банк:

қарыз алушыға ашылған кредиттік желі шеңберінде қарыз (қарыздың бір бөлігін) беруді қоспағанда қарыз алушыға қарыз беру;

қарыз алушыға кредиттік желі ашу (кредиттік лимитті белгілеу);

қарыз алушыға жасалған банктік қарыз шарты (шарттары) шеңберінде қосымша қарыз беру;

қарызды өтеу кестесіне сәйкес осы қарыз бойынша мерзімді төлемдер мөлшерінің ұлғаюына алып келетін, қарыз алушының ашық кредиттік желісінің және (немесе) қарызы талаптарының өзгеруі туралы оң шешімдер қабылдамайды.

100. Банк қарыз алушының борыш жүктемесін Нормативтердің 91-98 тармақтарының талаптарына сәйкес өздігінен айқындайды.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Банктің пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемелері, капиталының мөлшері 5-қосымша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының кредиттік бюролар және банктік және микроқаржы қызметін реттеу мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын."

5. "Пруденциялық нормативтерді және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның сақтауы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді, оларды есептеу

әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 14 қарашадағы № 192 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19629 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Пруденциялық нормативтерде және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның сақтауы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерде, оларды есептеу әдістемесінде:

"3. Жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшері:

1) 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органда (бұдан әрі - уәкілетті орган) есептік тіркеуден өткен, ол үшін жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшері:

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап - 30 000 000 (отыз миллион) теңге;

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап - 50 000 000 (елу миллион) теңге;

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап - 70 000 000 (жетпіс миллион) теңге;

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап - 100 000 000 (бір жүз миллион) теңге болатын микроқаржы ұйымын қоспағанда, микроқаржы ұйымы үшін - 100 000 000 (бір жүз миллион) теңге;

2) кредиттік серіктестік үшін - 50 000 000 (елу миллион) теңге, мыналарды қоспағанда:

кредиттік серіктестік ретінде 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін мемлекеттік тіркеуден өткен және өз қызметін Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында немесе облыс орталығында жүзеге асыратын кредиттік серіктестікті, ол үшін жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшері:

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап - 10 000 000 (он миллион) теңге;

2020 жылғы 1 шілдеден бастап - 20 000 000 (жиырма миллион) теңге;

2021 жылғы 1 шілдеден бастап - 30 000 000 (отыз миллион) теңге;

2022 жылғы 1 шілдеден бастап - 50 000 000 (елу миллион) теңге;

кредиттік серіктестік ретінде 2021 жылғы 1 қаңтарға дейін мемлекеттік тіркеуден өткен және өз қызметін Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларынан немесе облыс орталығынан тыс жерде жүзеге асыратын кредиттік серіктестікті, ол үшін жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшері:

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап - 5 000 000 (бес миллион) теңге;

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап - 10 000 000 (он миллион) теңге;

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап - 15 000 000 (он бес миллион) теңге;

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап - 25 000 000 (жиырма бес миллион) теңге;

3) 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін ломбард ретінде мемлекеттік тіркеуден өткен, ол үшін жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшері:

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап - 10 000 000 (он миллион) теңге;

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап - 30 000 000 (отыз миллион) теңге;

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап - 30 000 000 (отыз миллион) теңге;



2024 жылғы 1 қаңтардан бастап - 50 000 000 (елу миллион) теңге, болатын ломбардты қоспағанда, ломбард үшін - 70 000 000 (жетпіс миллион) теңге."

6. "Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым қарыз алушысының борыштық жүктемесінің коэффициентін есептеу қағидаларын және шекті мәнін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 215 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19670 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Микроқаржы ұйымы қарыз алушысының борыштық жүктемесінің коэффициентін есептеу қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қағидаларда Заңда көрсетілген негізгі ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) кредиттік желі – микроқаржы ұйымының қарыз алушыға микрокредит алу уақытын өзі анықтауға мүмкіндік беретін талаптармен, бірақ микрокредиттер беру қағидаларында және кредиттік желі беру (ашу) туралы келісімде айқындалған сома мен уақыт шегінде қарыз алушыға микрокредит беру міндеттемесі;

2) кредиттік лимит – кредиттік желінің шекті сомасы;

3) қарыз алушы – микроқаржы ұйымымен микрокредит беру туралы шарт жасасуға ниет білдірген немесе пайдаланатын, орташа айлық табысы мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның интернет-ресурсында соңғы жарияланған, қарыз алушының борыштық жүктемесінің коэффициентін есептеуді жүзеге асыру күні қолжетімді орташа айлық жалақыға тең немесе екі есе мөлшеріне тең болатын Қазақстан Республикасының резидент жеке тұлғасы;

4) ресми кіріс – мына құжаттардың:

салымшының (алушының) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының дерекқорынан алынған ақпараттың немесе орталық атқарушы органдар және оларға тиесілі не оларға ведомстволық бағынысты заңды тұлғалардың дерекқорынан жеке тұлғалардың кірісі туралы ақпараттың;

зейнетақы төлемдері түсетін банк шотынан үзінді-көшірменің;

жұмыс берушіден жалақы және басқа да кірістер түсетін банк шотынан үзінді-көшірменің;

"Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалған зейнетақы аннуитеті шарты бойынша, аннуитеттік сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемдері түсетін банк шотынан үзінді-көшірменің;

мынадай салықтық аударымдар:

патенттің негізінде арнайы салық режимін қолданған кезде салық салынатын кірістің 5 (бес) пайызы;

жеңілдетілген декларация негізінде арнайы салық режимін қолданған кезде салық салынатын кірістің 15 (он бес) пайызы;

тіркелген шегерімді пайдалана отырып арнайы салық режимінің салық салынатын кірісінің 20 (жиырма) пайызы негізінде есептелген жеке кәсіпкер – жеке тұлғаның кірістері туралы ақпараттың біреуінің және (немесе) бірнешеуінің негізінде есептелген орташа ай сайынғы кіріс.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қағидалардың 3-тармағының талаптары қарыз алушыларға кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға берілген, микрокредиттерге қолданылады, бұған мыналар кірмейді:

автокөлік құралын сатып алу мақсаттары үшін берілетін, осы автокөлік құралының кепілімен қамтамасыз етілген микрокредиттер;

берілетін микрокредит сомасын толық жабатын жылжымайтын мүлік кепілімен қамтамасыз етілген микрокредиттерді;

берілетін қарыз сомасын толық жабатын, банктік шоттарда жатқан ақша кепілімен қамтамасыз етілген микрокредиттерді;

сомасы "Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңында тиісті қаржы жылына белгіленген жалақының бір ең төменгі мөлшерінен аспайтын және қарыз алушыда микрокредиттер, банктік қарыздар бойынша өтелмеген берешек болмаған жағдайдағы микрокредиттер.

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 2022 жылғы 30 маусымды қоса алғандағы кезеңде Қағидалардың 3-тармағының талаптары қарыз алушыларға кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуға берілген және берілетін микрокредиттің барлық сомасына олармен жасалатын мәмілелер міндетті мемлекеттік тіркеуге жататын мүліктер кепілімен қамтамасыз етілген микрокредиттерге қолданылмайды.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Қарыз алушының төлем қабілеттілігін бағалау төмендегідей жүзеге асырылады:

$ҚК \geq \text{ЕТКДШ} + 0,5 * \text{ЕТКДШ} * \text{Сктом},$

мұндағы:

ҚК – қарыз алушының кірісі;

ЕТКДШ – "Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы;

Сктом

– отбасының кәмелетке толмаған мүшелерінің саны.

Қарыз алушының кірісі мына өлшемшарттардың біреуі және (немесе) бірнешеуі:

1) қарыз алушының өтініш жасаған күннің алдындағы 3 (үш) айдан бастап 12 (он екі) айға дейінгі кезеңдегі ресми кірісі;

2) қарыз алушының өтініш жасаған күннің алдындағы 3 (үш) айдан бастап 12 (он екі) айға дейінгі кезеңде дебеттік карта бойынша шығыстардың орташа айлық сомасы;

3) қарыз алушының өтініш жасаған күннің алдындағы 3 (үш) айдан бастап 12 (он екі) айға дейінгі кезеңде дебеттік картаны толтырудың орташа айлық сомасы;

4) микрокредит ресімдеуге өтініш берген күні депозиттегі және (немесе) ағымдағы шоттағы қалдық сомасы;

5) қарыз алушының өтініш жасаған күннің алдындағы 3 (үш) айдан бастап 12 (он екі) айға дейінгі кезеңде депозиттерді және (немесе) ағымдағы шоттарды толықтырудың орташа айлық сомасы;

6) қарыз алушының өтініш жасаған күннің алдындағы 3 (үш) айдан бастап 12 (он екі) айға дейінгі кезеңде депозиттерден және (немесе) ағымдағы шоттардан алынған қаражаттың орташа айлық сомасы;

7) "Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен тиісті қаржы жылына белгіленетін ең төменгі күнкөріс деңгейі шамасының азық-түлікке жатпайтын бөлігінің мәнінен асатын, қарыз алушының өтініш жасаған күннің алдындағы 3 (үш) айдан бастап 12 (он екі) айға дейінгі кезеңде коммуналдық қызметтер бойынша, телекоммуникациялық қызметтер бойынша, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың орташа айлық сомасы;

8) қарыз алушының өтініш жасаған күннің алдындағы 3 (үш) айдан бастап 12 (он екі) айға дейінгі кезеңде интернет-дүкеннен сатып алудың орташа айлық сомасы;

9) меншігінде орташа нарықтық құны микрокредит құнынан асатын жылжымалы (автокөлік құралы, малдар, ауыл шаруашылығы және (немесе) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты құрал-жабдық) және (немесе) жылжымайтын мүліктің болуы негізінде айқындалады. Мүліктің орташа нарықтық құны тәуелсіз бағалау немесе банктің Халықаралық қаржылық есептіліктің № 13 "Әділ құнды бағалау" стандартына және "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес бағалауы негізінде айқындалады. Қарыз алушының меншігінде бір уақытта автокөлік құралының және жылжымайтын мүліктің болуы, шығарылу сәтінен бастап 15 (он бес) жыл өтпеген автокөлік құралы және жалпы алаңы 30 (отыз) шаршы метрлік жылжымайтын мүлік бойынша орташа нарықтық құнын анықтау талап етілмейді;

10) қарыз алушының өтініш жасаған күннің алдындағы 6 (алты) айдан бастап 12 (он екі) айға дейінгі кезеңде жолаушыларды және багажды таксимен тасымалдаудан түскен орташа айлық кірісі (мұндай кірісті делдал компания арқылы растаған кезде);

11) қарыз алушының өтініш жасаған күннің алдындағы 12 (он екі) айлық кезеңдегі бірыңғай жиынтық төлем төленгенін растайтын құжаттың болуы негізінде айқындалады. Әр айдағы кіріс "Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңында тиісті қаржы жылына белгіленген бір ең төмен жалақы мөлшерінің деңгейінде қабылданады;

12) қарыз алушының өтініш жасаған күннің алдындағы 3 (үш) айдан бастап 12 (он екі) айға дейінгі кезеңде жұмыс орнынан кірістері туралы анықтама және (немесе) оқу орнынан алатын стипендия мөлшері туралы анықтама негізінде есептелген орташа айлық кірісі.

Осы тармақтың 1), 2), 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген ақпаратты қарыз алушы ұсынады және (немесе) микроқаржы ұйымы қарыз алушының жазбаша нысанда берген келісімінің негізінде не қарыз алушының сәйкестендіру құралы арқылы сұратады және (немесе) микроқаржы ұйымының ақпараттық жүйесінде тексеріледі.

Осы тармақтың 7), 8), 9), 10), 11) және 12) тармақшаларында көрсетілген ақпарат қарыз алушының тиісті құжаттары ұсыныла отырып расталады және (немесе) микроқаржы ұйымының ақпараттық жүйесінде тексеріледі.

Атаулы әлеуметтік көмекті алушыға қатысты оның табысын бағалау осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген ресми кірісі негізінде айқындалады.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Қарыз алушының өтелмеген микрокредиті, банктік қарызы (өтелмеген микрокредиттері, банктік қарыздары) бойынша ай сайынғы төлемі өтелмеген микрокредит, банктік қарыз бойынша ай сайынғы мәніне келтірілген мерзімді төлемге (өтелмеген микрокредит, банктік қарыз бойынша мерзімді төлемдердің сомасына) тең болып қабылданады.

Ай сайынғы мәніне келтірілген өтелмеген микрокредит, банктік қарыз бойынша мерзімді төлем микрокредитті, банктік қарызды өтеу кестесіне сәйкес өтелмеген микрокредит, банктік қарыз бойынша мерзімді төлемді микрокредитті өтеу кестесіне сәйкес өтелмеген микрокредит, банктік қарыз бойынша мерзімді төлемдер санының жылдық мәндегі он екіге қатынасына көбейтіндісі ретінде есептеледі:

$K_{TAЙ} = K_{TKECTE} * K_{TCSЖЫЛ} / 12,$

$K_{TAЙ}$

– өтелмеген микрокредит, банктік қарыз бойынша аймен көрсетілген мерзімді төлем;

$K_{TKECTE}$

– микрокредитті, қарызды өтеу кестесіне сәйкес өтелмеген микрокредит, банктік қарыз бойынша мерзімді төлем;

#### КТСЖЫЛ

– жылмен көрсетілген өтелмеген микрокредит, банктік қарыз бойынша мерзімді төлемдердің саны.

Өтелмеген микрокредит, банктік қарыз бойынша жылмен көрсетілген мерзімді төлемдердің саны өтеу кестесіне сәйкес микрокредит, банктік қарыз бойынша төлемдерді жүзеге асыру кезеңділігін сипаттайтын күндер санына үш жүз алпыс күннің қатынасы ретінде есептеледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігін есептеу мақсаттары үшін бір айдағы күндер саны отызға тең деп қабылданады.

Микрокредитті өтеу кестесіне, банктік қарызға және (немесе) төлемдерді жүзеге асырудың күндермен көрсетілген мерзімділігіне сәйкес мерзімді төлем туралы деректер болмаған кезде өтелмеген микрокредит, банктік қарыз бойынша ай сайынғы төлем микрокредит, банктік қарыз бойынша негізгі борыш және сыйақы бойынша қалдық сомасының осы микрокредиттің қалған мерзіміне, айлармен көрсетілген банктік қарызға қатынасы ретінде есептеледі.

Өтелмеген микрокредит, банктік қарыз (өтелмеген микрокредиттер, банктік қарыздар) бойынша ай сайынғы төлемге кредиттік лимиттің пайдаланылған бөлігін өтеу бойынша ай сайынғы төлем мөлшерін бағалау, кредиттік карта бойынша, сондай-ақ талаптарында қарыз алушыны кредиттік лимит шеңберінде кредиттеу көзделген төлем картасы бойынша ай сайынғы төлем кіреді.

Кредиттік лимиттің пайдаланылған бөлігі ретінде қарыз алушының ашық кредиттік желі шеңберінде алған қарызы (траншы) бойынша борыштың қалдығы түсініледі.

Кредиттік лимиттің пайдаланылған бөлігін өтеу бойынша ай сайынғы төлем мөлшерін бағалау кредиттік бюроның деректері негізінде айқындалады немесе кредиттік лимиттің пайдаланылған бөлігі мөлшерінің шартта айқындалған, айлармен көрсетілген осы лимиттің қалған мерзіміне қатынасы ретінде есептеледі.

Кредиттік карта бойынша, сондай-ақ талаптарында қарыз алушыны кредиттік лимит шеңберінде кредиттеу көзделген төлем картасы бойынша ай сайынғы төлем кредиттік карта, талаптарында қарыз алушыны кредиттік лимит шеңберінде кредиттеу көзделген төлем картасы бойынша пайдаланылған кредиттік лимиттің тиісінше он пайызға көбейтіндісі ретінде есептеледі.

Қарыз алушының өтелмеген микрокредиті, банктік қарызы бойынша мерзімі өткен төлемдер сомасы мерзімі өткен негізгі борыштың, мерзімі өткен сыйақының сомасын және микроқаржы ұйымының, екінші деңгейдегі банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның теңгеріміне есептен шығарылған берешек сомасын, сондай-ақ тізбесі "Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар

және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабында белгіленген өзге де ақпарат берушілерді (бұдан әрі-ақпарат берушілер) қамтиды.

Микрокредит, банктік қарыз беру туралы бұрын жасалған шартты (шарттарды), банктік қарызды қайта қаржыландыру мақсатында қарыз алушыға микрокредит беру жүзеге асырылған жағдайда, қайта қаржыландыруға жататын өтелмеген микрокредит (микрокредиттер), банктік қарыз (банктік қарыздар) бойынша берешек сомасы ай сайынғы төлемнің есебінде және өтелмеген микрокредит (микрокредиттер), банктік қарыз (банктік қарыздар) бойынша мерзімі өткен төлемдер сомасында есепке алынбайды.

Микрокредит беру туралы бұрын жасалған шартты (шарттарды) қайта құрылымдау мақсатында жүзеге асырылатын, микрокредитті өтеу кестесіне сәйкес осы микрокредит бойынша мерзімді төлемдердің мөлшерін ұлғайтуға әкелетін және ашық кредиттік желінің кредиттік лимитін және (немесе) микрокредиттің мөлшерін ұлғайтуды көздемейтін ашық кредиттік желінің және қарыз алушының микрокредитінің талаптары өзгерген жағдайда, қарыз алушының өтелмеген микрокредиттер бойынша мерзімі өткен төлемдер сомасы нөлге тең деп қабылданады.

Микрокредитті, банктік қарызды өтеу кестесіне сәйкес мерзімді төлем, өтелмеген микрокредиттер, банктік қарыздар бойынша негізгі борыштың қалдығы, сыйақы қалдығы, кредиттік лимит, кредиттік лимиттің пайдаланылған бөлігі, қарыз алушының өтелмеген микрокредиттері, банктік қарыздары бойынша мерзімі өткен төлемдер сомалары туралы ақпаратты микроқаржы ұйымы кредиттік бюродан сұратады.

Өтелмеген микрокредиттер, банктік қарыздар бойынша мерзімді төлемдердің, негізгі борыш қалдығының, сыйақы қалдығының, кредиттік карта бойынша, сондай-ақ төлем картасы бойынша ай сайынғы төлемнің есебіне, кредиттік лимиттің пайдаланылған бөлігін өтеу бойынша ай сайынғы төлем мөлшерін және қарыз алушының өтелмеген микрокредиттері, банктік қарыздары бойынша мерзімі өткен төлемдер сомасын бағалауға барлық ақпарат берушілер кредиттік бюроға ұсынатын мәліметтер енгізіледі.

Қарыз алушының өтелмеген микрокредиттерінде Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген микрокредиттерді, сондай-ақ қарыз алушының Қағидалардың 4-тармағында көрсетілмеген қарыздары, өтелмеген микрокредиттері қамтылады."

**7. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі  
Басқармасының 19.08.2024 № 64 (20.08.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен**

8. "Жеке тұлғаға берілген банктік қарыз беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан

Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 218 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19702 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жеке тұлғаға берілген банктік қарыз беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдер тізбесінде:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жеке тұлғаға берілген (берілетін) қарызды беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдерге мынадай комиссиялар мен өзге де төлемдер жатады:

1) қарыз алуға арналған өтініш пен құжаттарды қарағаны үшін;

2) қарызды ұйымдастырғаны үшін;

3) берілген қарыз шарттарын өзгерткені үшін комиссия:

өтеу кестесі;

қарыз валюталары;

сыйақы мөлшерлемелері;

қарызды өтеу әдістері;

4) комиссия мәселелерін қарау:

қарыз алушының (тең қарыз алушының), кепілгердің (кепіл болушының) бастамасы бойынша қарыз алушыға (тең қарыз алушыға), кепілгерге (кепіл болушыға) байланысты шарттарды өзгертуге;

қарыз бойынша кепіл затына ауыртпалық салу шарттарын өзгерту кезінде, сондай-ақ кепіл затын ауыстыру кезінде;

кепіл берушіні ауыстыру;

Клиенттің өтініші бойынша клиенттің кредиттік досьесінде қамтылған кепіл затына құқық белгілейтін құжаттарды беру;

Клиенттің өтініші бойынша жеке тұлғаның тұрғылықты жері бойынша тіркеуге (тіркеуден шығаруға), кепілзаттық қамтамасыз ету аумағында жүргізілген қайта жоспарлауды, құрылыстарды, жапсарлас құрылыстарды заңдастыруға келісетіні туралы анықтама беру;

кепіл беруші ауысқан кезде пайдалануға берілген мүлікке меншік құқығын және (немесе) кепіл құқығын ресімдеу бойынша қызметтер көрсету;

жылжымайтын мүліктің нысаналы мақсатын өзгерту, жер учаскелерін үлестерге бөлу бойынша қызметтер көрсету;

Клиенттің өтініші бойынша кепілдік қамтамасыз ету болып табылатын көлік құралының тіркеу нөмірін ауыстыруға, көлік құралын тіркеу туралы куәлікті қайта ресімдеуге, көлік құралы бойынша жоғалған құжаттарды қалпына келтіруге рұқсат беру туралы анықтама беру;

5) клиенттің банктік қарыз шарты бойынша клиенттің міндеттемелерін қамтамасыз ететін және кепіл берушінің пайдалануындағы кепіл шарты бойынша кепіл нысанасын

сақтандыру кезінде сақтандыру ұйымының пайдасына клиенттің төлемдерін қоспағанда, қарыз алуға, қарызға қызмет көрсетуге байланысты, сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша сақтандыру ұйымының пайдасына жасалатын төлемдері;

6) кепілдікті (кепілгерлікті) алғаны үшін кепілгерге (кепіл берушіге), кепілге берілетін мүлікті бағалағаны үшін бағалаушыға клиенттің төлемдері;

7) екінші деңгейдегі банкке, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалына, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға (бұдан әрі - банк) клиенттерді тарту, клиенттер ұсынатын құжаттардың қарыз беру талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асыру, клиенттердің құжаттарын банкке беру, банк клиенттерінен қарыздарды өтеу есебіне төлемдер мен аударымдарды қабылдау бойынша қызметтер көрсететін ұйымдардың (делдалдардың) пайдасына клиенттің төлемдері;

7-1) клиенттің сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша банктің және (немесе) өзге де ұйымдардың пайдасына қарыз алуға, қарызға қызмет көрсетуге байланысты, осы тармақтың 5), 6) және 7) тармақшаларына байланысты емес банктік шот шарттары және (немесе) банктік қызмет көрсету шарттары шеңберіндегі комиссиялар және төлемдері жатады.

8) клиенттің өтініші бойынша қарыз бойынша несие берешегі туралы анықтама бергені үшін;

9) қарызды ішінара (толық) мерзімінен бұрын өтегені үшін төленеді."

9. "Ломбардта заттарды сақтау, ломбард үй-жайларының қауіпсіздігін және техникалық нығайтылуын қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды, заңсыз өндірілген заттардың ломбардтардағы айналымына қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды белгілеу мәселелерін қоса алғанда, ломбардтардың қызметін ұйымдастыру қағидалары" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 226 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19709 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген ломбардта заттарды сақтау, ломбард үй-жайларының қауіпсіздігін және техникалық нығайтылуын қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды, ломбардтарда заңсыз өндірілген заттардың айналымына қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды белгілеу мәселелерін қоса алғанда, ломбардтардың қызметін ұйымдастыру қағидаларында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Ломбард:

1) Заңда көзделген қызметті жүзеге асырады;

2) кепіл билетін беру және қарыз алушының келісімін алу жолымен ломбардта микрокредит беру және заттар кепілі туралы шарттар жасасады:



ол туралы ақпаратты кредиттік бюроға (мемлекет қатысу бар кредиттік бюроны қоспағанда) және ішкі істер органдарына беру;

кредиттік есепті алушыға және ішкі істер органдарына кредиттік есепті беру;

3) ломбард аумағында заттардың сақталуын қамтамасыз ететін және оларға бөгде адамдардың кіруін болдырмайтын оларды сақтау үшін жағдайлар жасайды;

4) кепіл затын микрокредитті өтеу мерзімі аяқталған күннен кейін кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн сақтайды;

5) талап етілмеген затты атаулы сақтау түбіртегінің мерзімі өткеннен кейін үш ай бойы сақтайды;

6) қарыз алушыға кепіл затының жоғалу немесе бүліну қатерінің туындағаны туралы дереу хабарлайды;

7) қарыз алушы ломбард алдындағы өз міндеттемелерін орындағаннан кейін кепіл затын кепіл билетіне сәйкес дереу қайтарады."

10. "Банктік және сақтандыру қызметінің, бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары қызметінің және бағалы қағаздар рыногында лицензияланатын басқа да қызмет түрлерінің, акционерлік инвестициялық қорлар және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар қызметінің мақсаттары үшін офшорлық аймақтардың тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 24 ақпандағы № 8 Қаулысына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20095 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі" Қазақстан Республикасы заңының 17-бабы 5-тармағының бірінші бөлігіне, 17-1-бабының 9-тармағы бірінші бөлігінің алтыншы абзацына және 34-бабының 5-тармағына, "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы заңының 21-бабы 4-тармағының бірінші бөлігіне және 26-1-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы заңының 47-бабы 2-тармағының бірінші бөлігіне және 72-2-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, "Инвестициялық және венчурлік қорлар туралы" Қазақстан Республикасы заңының 8-бабы 1-тармағына, "Микроқаржылық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы заңының 14-бабы 6-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**"

Қазақстан Республикасының  
кредиттік бюролар және банктік  
және микроқаржылық қызметті  
реттеу мәселелері бойынша  
өзгерістер мен толықтырулар  
енгізілетін нормативтік  
құқықтық актілерінің тізбесіне  
қосымша

Банктің пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемелеріне, капиталының мөлшеріне 5-қосымша

**Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген банк активтерінің кестесі**

№	Баптардың атауы	Тәуекел дәрежесі пайызбен
I топ		
1.	Қолма-қол теңге	0
2.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "AA-" төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің қолма-қол шетел валютасы	0
3.	Тазартылған бағалы металдар	0
4.	Қазақстан Республикасының Үкіметіне берілген қарыздар	0
5.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "AA-" төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтеріне берілген қарыздар	0
6.	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне берілген қарыздар	0
7.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "AA-" төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріне берілген қарыздар	0
8.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "AA-" төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарына берілген қарыздар	0
9.	"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамына берілген қарыздар	0

10.	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдар және Ұлттық Банкке өзге де талаптар	0
11.	Standard & Poog's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "АА-" төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріндегі салымдар	0
12.	Standard & Poog's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "АА-" төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарындағы салымдар, Еуразиялық даму банкіндегі Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен салымдар	0
13.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің дебиторлық берешегі	0
14.	Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарының салықтар мен бюджетке төленетін басқа да төлемдер бойынша дебиторлық берешегі	0
15.	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары	0
16.	Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары	0
17.	Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасына сәйкес "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы, "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры", "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі", "Проблемалық кредиттер қоры" акционерлік қоғамдары, сондай-ақ Еуразиялық Даму Банкі шығарған	0

	және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен номинирленген бағалы қағаздар	
18.	Кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын, акцияларының 100 (жүз ) пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі заңды тұлға шығарған бағалы қағаздар	0
19.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "AA-" төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар	0
20.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "AA-" төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар	0
21.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "BBB" төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар банктерге ашық корреспонденттік шоттар бойынша талаптар	0
22.	Тәуекелдің I тобына енгізілген активтер бойынша есептелген сыйақы	0
II топ		
23.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "AA-" төмен тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің және тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің қолма-қол шетел валютасы	20
	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі	

24.	немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтеріне берілген қарыздар	20
25.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріне берілген қарыздар	20
26.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарына берілген қарыздар	20
27.	Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарына берілген қарыздар	20
28.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "AA-" төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің жергілікті билік органдарына берілген қарыздар	20
29.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "AA-" төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдарға берілген қарыздар	20
30.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріндегі салымдар	20
31.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған	20

	ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарындағы салымдар	
32.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "AA-" төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдардағы салымдар	20
33.	Тәуекелдің I тобына жатқызылған дебиторлық берешекті қоспағанда, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарының дебиторлық берешегі	20
34.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "AA-" төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдардың дебиторлық берешегі	20
35.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтері шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар	20
36.	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар	20
37.	Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары шығарған мемлекеттік бағалы қағаздарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған мемлекеттік бағалы қағаздар	20
	Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "AA-"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік	

38.	агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің жергілікті билік органдары шығарған бағалы қағаздар	20
39.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "AA"-тен төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдар шығарған бағалы қағаздар	20
40.	Банк баланста ұстап тұратын және Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "AAA"-тен "AA"-ке дейінгі кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzAAA"-тен "kzAA"-ке дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар секьюритилендіру позициялары	20
41.	Тәуекелдің II тобына енгізілген активтер бойынша есептелген сыйақы	20
III топ		
42.	Тазартылмаған бағалы металдар	50
43.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "BBB+"-тен "BBB"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтеріне берілген қарыздар	50
44.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "BBB+"-тен "BBB"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріне берілген қарыздар	50
	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "BBB+"-тен "	

45.	BBB-"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарына берілген қарыздар	50
46.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пуэр) агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейін төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің жергілікті билік органдарына берілген қарыздар	50
47.	Standard & Poor's (Стандарт энд Пуэр) агенттігінің "A"-дан "A"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдарға берілген қарыздар	50
48.	Мынадай талапқа сәйкес келетін ипотекалық тұрғын үй қарыздары (осы кестенің 76, 78 және 79 - жолдарында көрсетілген жеке тұлғаларға берілген қарыздарды қоспағанда): берілген ипотекалық тұрғын үй қарызы сомасының кепіл құнына қатынасы қоса алғанда кепіл құнының 50 (елу) пайызынан аспайды	35
49.	Кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын, акцияларының 100 (жүз ) пайызы Ұлттық Банкке тиесілі заңды тұлғаның сатып алу үшін белгіленген талаптарына сәйкес келетін ипотекалық тұрғын үй қарыздары, сондай-ақ олар бойынша сыйақылар	35
50.	Кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын, акцияларының 100 (жүз ) пайызы Ұлттық Банкке тиесілі заңды тұлғаға қайта берілген ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша талаптар	35



51.	Мынадай талаптарға сәйкес келетін ипотекалық тұрғын үй қарыздары (осы кестенің 76, 78 және 79 -жолдарында көрсетілген жеке тұлғаларға берілген қарыздарды қоспағанда): берілген ипотекалық тұрғын үй қарызы сомасының кепіл құнына қатынасы қоса алғанда кепіл құнының 51 (елу бір) пайызынан 85 (сексен бес) пайызына дейін қоса алғандағы шекте болады	50
52.	Басқа да ипотекалық тұрғын үй қарыздары (осы кестенің 76, 78 және 79 - жолдарында көрсетілген жеке тұлғаларға берілген қарыздарды қоспағанда	100
